

Тауарларды жеткізу туралы шарт №3

Степногорск қ.

22 қаңтар 2021 ж.

Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімінің жаңындағы Степногорск қаласының "Еркетай" №5 балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, Жарғы негізінде әрекет ететін Надежда Борисовна Подолько меңгерушісі атынан бұдан әрі Тапсырыс беруші, ЖК Сулимко С.Н., атынан 10. 12. 2010 жылғы жеке кәсіпкерді тіркеу туралы куәлігі, Сериясы 05915 № 0004301, негізінде әрекет ететін директоры Сергей Николаевич Сулимко екінші тараптан, 2021 жылғы 21 қаңтарда өткен тауарларды жеткізушіні таңдау жөніндегі конкурс қорытындылары туралы хаттама негізінде осы тауарды жеткізу туралы (бұдан әрі - шарт) және төмендегілер туралы келісімге келді:

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші техникалық тапсырманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық тапсырмада көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және бағалар бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Тауарды қабылдауға және Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында ол үшін ақы төлеуге міндеттенеді:

1.2. Төменде келтірілген құжаттар мен онда келісілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

- 1) осы Шарт;
- 2) сатып алынатын тауарлар тізбесі;
- 3) техникалық тапсырма;
- 4) Шарттың орындалуын қамтамасыз ету.

1.3. Осы Шартта төменде көрсетілген ұғымдар мынадай түсіндірмені білдіретін болады:

1) "Дүлей күш (форс-мажор)" - төтенше және тойтаруға болмайтын оқиғалар (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары және басқалары). Мұндай оқиғаларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың нарықта болмауы жатпайды;

2) "Тапсырыс беруші" - орган немесе орта білім беру ұйымы;

3) "Өнім беруші" - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, Тапсырыс берушімен жасасқан шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда);

4) "Шарт" - Тапсырыс беруші мен Онім беруші арасында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жазбаша нысанда жазылған, тараптар оған барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен бірге, сондай-ақ шартта сілтеме бар барлық құжаттамамен бірге қол қойған азаматтық-құқықтық акт;

5) "Шарттың бағасы" - Тапсырыс беруші Шарттың шеңберінде Онім берушіге өзінің шарттық міндеттемелерін толық орындағаны үшін төлейтін сома.

Тараптар осы шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе жартылай орындамаған жағдайда, егер ол дүлей күш нәтижесі болып табылса, жауапкершілік алмайды.

2. Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы 557 500 (Бес жүз елу жеті мың бес жүз) теңгені құрайды және Қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды.

2.2. Тауарды жеткізу тапсырыс берушінің алдын ала өтінімі бойынша жүзеге асырылады. Жеткізу және түсіру жеткізушінің есебінен жүзеге асырылады.

2.3. Жеткізілген тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Жеткізушінің есеп шотына ақша қаражатын аудару жолымен жүргізеді.

2.4. Сандық және құндық жамадағы жеткізілетін тауарлар көлемі техникалық тапсырмада келтірілген.

3. Тараптардың міндеттемелері

3.1. Онім беруші:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде тауарлардың конкурстық құжаттамада, техникалық тапсырмада көрсетілген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге;

3) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде оларды бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Орауыш қандай да бір шектеулерсіз қарқынды қотергіш-көліктік өңдеуге және тасымалдау, сондай-ақ ашық сақтау кезінде экстремалды температуралардың, тұздар мен жауын-шашынның әсеріне төзуі тиіс.

Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының болуын ескеру қажет;

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Онім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс.

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

6) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

7) Онім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өнге де заңсыз іс-әрекеттерден туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге;

8) тауарларды қабылдау-табыстау актісін ресімдеу және Тапсырыс берушіге жіберуге;

9) Тапсырыс беруші тауарды(ларды) беру актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда шот-фактураларды жазып беру кағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактураларды жазып беруге міндеттенеді.

3.2. Онім беруші Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауар үшін төлемді талап етуге құқылы.

3.3. Тапсырыс беруші:

1) Тауар жеткізу үшін Онім берушінің мамандарының қолжетімділігін қамтамасыз етуге;

2) Тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Онім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) Тауарды қабылдау кезінде оны қабылдаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, тауарды қабылдауға не қабылдаудан бас тартуға міндеттенеді. Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші не сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

4) тауарды(ларды) беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда шот-фактураларды жазып беру кағидаларына сәйкес электрондық шот-

фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы Өнім беруші электрондық нысанда жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4. Тапсырыс беруші жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге құқықты.

4. Тауарлардың техникалық тапсырмаға, конкурстық өтінімге сәйкестігін тексеру

4.1. Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген тауарлардың конкурстық құжаттамада көрсетілген талаптарға сәйкестігі мәніне бақылау және тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерулер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өздерінің өкілдері туралы уақтылы жазбаша түрде хабардар етуге тиіс.

4.2. Осы Шарт шеңберінде жеткізілетін тауарлар техникалық тапсырмада, конкурстық өтінімде көрсетілген стандарттарға сәйкес келуі немесе одан жоғары болуы тиіс.

4.3. Егер жеткізілген тауарлар тексеру кезінде конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші тексеру сәтінен бастап "сәйкессіздіктерді жою мерзімі" ішінде Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығынсыз конкурстық құжаттама талаптарына сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.

4.4. Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру Өнім берушінің аумағында, жеткізу орнында және (немесе) тауарлардың түпкі межелі пунктінде жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім берушінің аумағында өткізілсе, Тапсырыс берушінің инспекторларына Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығынсыз оңдірістік ақпаратқа қол жеткізуді қоса алғанда, барлық қажетті қаражат берілетін және жәрдем көрсетілетін болады.

4.5. Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5. Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1. Өнім беруші Тауарды Тапсырыс берушіге толық берген жағдайда жеткізу техникалық тапсырмада көрсетілген талаптарға сәйкес келеді деп есептеледі.

5.2. Осы Шарттың 5.1-тармағындағы талаптар сақталған жағдайда, Өнім берушінің Тауарды қабылдау-табыстау актісін Тапсырыс берушіге жіберген күні Тауарды қабылдау/табыстау күні болып есептеледі.

6. Кепілдік. Сапа

6.1. Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жана, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2. Сатып алынатын тауарлардың тізбесіне және техникалық тапсырмаға сәйкес Тауардың жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда орауыншты ашу сәтінде қандай да бір жасырын зауыттық ақаулар анықталған жағдайда немесе егер Тауардың сапасы дайындаудың техникалық шарттарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күн мерзімде жарнамалық акт жасайды, ал Өнім беруші күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде және өз есебінен Тауарды жанасымен алмастырады.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2. Секвестрлеу және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорынның, дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп найызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаның қолма-қол ақшаны бақылау шотында ақша жеткіліксіз болған жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шартта көрсетілген мерзімде өзіне тиесілі қаражатты төлемесе, онда Тапсырыс беруші кешіктірілген әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1% (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауы тиіс.

7.3. Тауарды жеткізу мерзімі кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1%-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады) не міндеттемелерді тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда әрбір мерзімі өткен күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1%-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауы тиіс.

7.4. Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіпалған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айышпұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5. Тұрақсыздық айыбын (айышпұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6. Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде ұсынылуы тиіс.

7.7. Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8. Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына не тиісінше орындамауына байланысты шарт бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын камтамасыз етуді қайтармайды.

7.9. Өнім берушінің шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші тұлғаларда енгізілген кепілдік ақшалай жарнаға тұтастай не бір бөлігінде талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді.

7.10. Өнім беруші қызметтерді сатып алу туралы жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Тапсырыс беруші Жосықсыз өнім берушілердің тізбесін қалыптастыру қағидаларына сәйкес өнім берушінің міндеттемелерді бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай өнім берушіні балаларды тамақтандыруды камтамасыз етуге байланысты қызметтерді жосықсыз жеткізуші деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінеді.

8. Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1. Шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

8.2. Шарт тиісті қаржы жылына арналған міндеттемелер бойынша бекітілген жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес бөлінген қаражат шегінде жасалады және өнім беруші тарапынан бұзушылықтар болмаған жағдайда

шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде екі рет кейінгі қаржы жылдарына ұзартылады.

Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен тамақпен қамтамасыз етілетін білім алушылардың саны өзгерген жағдайда, қолданыстағы шартқа қосымша келісім жасалады.

8.3. Тапсырыс беруші, егер Өнім беруші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болса, Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Шарттың талаптарын орындаудан кез келген уақытта біржақты тәртіппен бас тарта алады. Мұндай жағдайда Шарт талаптарын орындаудан бас тарту дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші, егер Шарт талаптарын орындаудан бас тарту Тапсырыс берушіге залал келтірмесе немесе іс-әрекеттер жасауға немесе санкцияларды қолдануға қандай да бір құқықтарды қозғамаса, Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндеттеме алмайды.

8.4. Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірмеген Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп:

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындай алмаса, толық немесе ішінара бұза алады.

8.5. Шартта мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда:

1) осы Шарт негізінде жасалған осы Қағидаларда көзделген шектеулерді бұзу анықталған;

2) ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы Өнім берушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;

3) уәкілетті орган конкурс қорытындыларына (нұсқама, хабарлама, ұсыну, шешім) ықпал еткен конкурстық рәсімдерді өткізу кезінде бұзушылық фактілерін анықтаған жағдайда, Шарттың кез келген уақытта бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс және міндеттемелер тиісінше орындалған шарттарды қоспағанда, уәкілетті мемлекеттік органдардың актілеріне сәйкес 10 жұмыс күні ішінде конкурс жеңімпазымен шарт жасалады.

8.6. Шарт тараптардың келісімі бойынша, оны одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда бұзылуы мүмкін. Хабарламада шартты бұзу себебі көрсетіледі, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күшіне енген күні көрсетіледі.

Шарттың күші жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылғанда, Өнім беруші Шарт бойынша бұзуға байланысты нақты шығындар үшін, бұзу күшіне ақы төлеуді талап етуге құқылы.

9. Хабарлама

9.1. Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс бойынша не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10. Форс-мажор

10.1. Егер Шарт міндеттемелерінің орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмағаны үшін жауапкершілік алмайды.

10.2. Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен босамайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуда жауапты болмайды.

10.3. Шарт мақсаттары үшін "форс-мажор" Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4. Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбана хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбана нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11. Даулы мәселелерді шешу

11.1. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе дауларды тікелей келіссөздер процесінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2. Егер осындай келіссөздерден кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12. Өзге де шарттар

12.1. Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3. Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі жағдайында және басқа да жағдайларда жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге:

1) Шартта көрсетілген қызметтер бірлігі үшін бағанын өзгермеуі жағдайында жеткізілетін Тауарлар көлемінде қажеттіліктің азаюына немесе артуына байланысты Шарт сомасын азайту не ұлғайту бөлігінде;

2) егер Өнім беруші онымен жасалған Шартты орындау процесінде тауар бірлігі үшін бағанын өзгермейтін талабы жағдайында неғұрлым жақсы сапалық және (немесе) техникалық сипаттамаларды не тауарларды жеткізу мерзімдерін және (немесе) шарттарын ұсынған жағдайда;

3) тараптардың өзара келісімі бойынша тауарлардың бағасын және тиісінше Шарттың сомасын азайту бөлігінде жол беріледі.

12.4. Шарт бірдей заңды күші бар қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.5. Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13. Тараптардың деректемелері

Тапсырыс беруші

Степногорск қаласының Бейбітшілік және дағдыландыру мекемесінің коммуналдық қазыналық кәсіпорны
«Іркітай» №3 бөлшекшісі
Степногорск қ. б. ш.б. 5 қатар
СНП 031 600 212 216
БСН 080 140 019 157
ЖСҚ KZ5 999 81 113 000 000 3230
БСҚ TSFSKZKA
АҚ «First Heartland Trust Bank»
Телефон: 8 (716 45) 2-55-57, 2-51-00
E-mail: ds5-nadegda

Өнім беруші

ЖК Сулеймо С.Н.
Степногорск қ. б. ш.б. 100 қатар
СНП 031 610 02745
ЖСН 610328350136
ЖСҚ KZ27319 0100003800983
БСҚ ABEZKZKX
АО «БТА Банк»
Рабочий телефон: 87164521401



А.Б. Нурманов



С.Н. Сулеймо

Сатып алынатын тауарлар тізімі

№	Тапсырыс берушінің атауы	Тауарлар (жұмыс, қызмет) атауы	Өлшем бірлігі	Саны, көлемі	Тауарды жеткізу, жұмысты орындау, қызметті көрсету мерзімі	Тауарды жеткізу, жұмысты орындау, қызметті көрсету орны	Бірліктегі бағасы, теңге	Мемлекеттік сатып алуға бөлінген соммасы, теңге
1	Ақмола облысы Білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімінің жаңақала Степногорск қаласының "Еркетай" №5 Балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қалыптасқан кәсіпорны	Бидай наны 1с	кг	1500	Тапсырыс бойынша қаңтар-маусым	Степногорск қ. б ш/а, ғим 5. МКҚК №5 "Еркетай" балабақшасы	100	150000
2	Ақмола облысы Білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімінің жаңақала Степногорск қаласының "Еркетай" №5 Балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қалыптасқан кәсіпорны	Қара нан.	кг	1500	Тапсырыс бойынша қаңтар-маусым	Степногорск қ. б ш/а, ғим 5. МКҚК №5 "Еркетай" балабақшасы	125	187500
3	Ақмола облысы Білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімінің жаңақала Степногорск қаласының "Еркетай" №5 Балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қалыптасқан кәсіпорны	Бетон наны	кг	2000	Тапсырыс бойынша қаңтар-маусым	Степногорск қ. б ш/а, ғим 5. МКҚК №5 "Еркетай" балабақшасы	110	220000
Барлығы:								557500

Менгеруші Н. В. Подолько

(қолы)



Күні 22 қаңтар 2021 жыл

М.О.

Өнім жеткізуші С.Н.Сүлімко

(қолы)



Күні 22 қаңтар 2021 жыл

М.О.